

§2. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫ МЕН ШЕКАРАЛАРЫ



- Қазақстанның аумағы 2724,9 мың км².
- Жерінің көлемі жағынан Қазақстан дүние жүзіндегі ең ірі мемлекеттердің қатарына кіреді.
- Ресей, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Аустралия, Үндістан және Аргентинадан кейінгі 9-орын алады.
- Біздің еліміз Франциядан 5 есе, Италиядан 9 есе, Англиядан 11 есе үлкен.
- Қазақстан Еуразия материгінің орталығында орналасқан, екі дүние бөлігін қамтиды. Кіші батыс аймағы Еуропада, ал көлемді шығыс аймағы Азияда жатыр.

- **Физикалық-географиялық жағдайы тұрғысынан, Қазақстан Тынық мұхит пен Атлант мұхитынан, сондай-ақ Үнді мұхиты мен Солтүстік Мұзды мұхитынан бірдей дерлік қашықтықта орналасқан.**
- **Оның мұхиттардан шалғай жатуы әрі аумағының үлкендігі климатының өзіндік ерекшелігін қалыптастырады. Қазақстан батысында – Еділдің төменгі ағысынан, шығысында – Алтай тауларының етегіне дейін 3000 км-ге, солтүстіктегі – Батыс Сібір жазығынан, оңтүстіктегі Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шянь тау жүйесіне дейін 1650 км-ге созылып жатыр.**



- **ҚАЗАҚСТАН ҚОҢЫРЖАЙ БЕЛДЕУДІҢ ОРТА ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ЕНДІКТЕРІНДЕ ОРНАЛАСҚАН. ДӘЛ СОЛ ЕНДІКТЕРДЕГІ ШЫҒЫС ЕУРОПА ҚОҢЫРЖАЙ КОНТИНЕНТТІК КЛИМАТЫМЕН, АЛ БАТЫС ЕУРОПА СУБТРОПИКТІК КЛИМАТЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНСЕ, ҚАЗАҚСТАН ШҰҒЫЛ КОНТИНЕНТТІК КЛИМАТЫМЕН КӨЗГЕ ТҮСЕДІ.**
- **ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕ ҚАТАҢ СІБІР МЕН ҚАПЫРЫҚ ОРТА АЗИЯ ТОҒЫСЫП ЖАТҚАНДАЙ. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫНА ҚАРАЙ РЕСПУБЛИКА ЖЕРІНДЕ ОРМАНДЫ ДАЛА, ДАЛА, ШӨЛЕЙТ, ЖӘНЕ ШӨЛ ЗОНАЛАРЫ ҚАЛЫПТАСҚАН.**



Республиканың шеткі нүктелері $55^{\circ}26$ с.е. - $40^{\circ}56$ о.е. және $46^{\circ}30$ - $87^{\circ}20$ аралығында орналасқан.

Қазақстан Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Иран елдеріне, Еділ өзеннің және Еділ – Дон каналы арқылы Азов және Қара теңіздерге шыға алады. Еліміздің көп бөлігі жазық, үстіртті болып келеді. Ол алуан түрлі шаруашылық жұмыстарын дамытуға мүмкіндік береді.



- **Қазақстан шекарасының құрлықтағы ұзындығы - 13394 км.**
- **Қазақстан шекарасының теңіз дегі шекарасы - 2000 км.**
- **Қазақстанның жалпы шекарасы – 15394 км.**
- **Қазақстан батыста, солтүстік-батыста және солтүстікте 7591 км Ресмен шектеседі.**
- **Республиканың Алтайдан Тянь-Шяньға дейінгі 1782 км-і шығыс шекарасы Қытай Халық Республикасымен шектеседі.**
- **Оңтүстігінде тәуелсіз достастық мемлекеттер: Түркіменстанмен – 426км, Өзбекстанмен – 2354 км және Қырғызстанмен – 1241 км шектеседі.**

Сұрақтар:

- 1) Қазақстан Еуразияның қай бөлігінде орналасқан?
- 2) Қазақстанның солтүстіктен оңтүстікке дейінгі қашықтығы қанша?
- 3) Қазақстанның аумағы?
- 4) Қазақстанның құрлықтағы шекарасы қанша?
- 5) Қазақстан Өзбекстанмен қанша қашықтықта шектеседі?
- 6) Қазақстанда қандай климат қалыптасқан?
- 7) Қазақстанның шеткі нүктелері?

Тыңдағандарыңызға
рахмет!

